

"Межрегионэнерготранзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 219 қаулысы. Күші жойылды-Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 10 тамыздағы № 160 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 10.08.2026 № № 160 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабына, 69-бабы 4-тармағының 10) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Межрегионэнерготранзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ҚС 35 кВ Таранға ӘЖ-35 кВ Тобыл-Тобольскаядан дәнекерлеу ӘЖ-35 кВ, ҚС 110 кВ Таранға ӘЖ-110 кВ Тобыл-Новоильиновкадан дәнекерлеу ӘЖ-110 кВ салу мақсатында, Бейімбет Майлин ауданының аумағында орналасқан алаңы 1,4228 гектар жер учаскесіне 4 жыл 11 ай мерзімімен қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін, осы қаулының қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі көшірмесін қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Қостанай облысы бойынша филиалына жіберуді;

2) осы қаулыны оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейімбет Майлин ауданының әкімі

Қ. Мыржақыпов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК